

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ.
ӨНЕР, МЕДИА ЖӘНЕ ДИЗАЙН ФАКУЛЬТЕТІ
ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

25.12.2025ж

Қатысқандар: АК төрағасы, аға оқытушы С.О.Сопбеков, АК мүшесі, академиялық персонал Г.Г.Масадикова, АК мүшесі, академиялық персонал М.Сейсембекова, АК мүшесі, академиялық персонал М.Айдарша, АК мүшесі, академиялық персонал У.А.Кулетова, АК мүшесі, академиялық персонал А.М., Сейтметова, АК мүшесі, академиялық персонал Е.Ж.Каумбаев, АК мүшесі, академиялық персонал Т.К.Мустапаева, АК мүшесі, академиялық персонал Б.О.Тажиметов, АК мүшесі, академиялық персонал М.Әлімхан.

КҮН ТӘРТІБІ

1. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен ББ әзірлеу.)
2. Қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу.
3. Қараша, Желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

АК төрағасы С.О.Сопбеков: Құрметті әріптестер, құрметті АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу, бірлескен ББ әзірлеу.) Қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу. Қараша, Желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау. Осы мәселелер бойынша өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі, академиялық персонал М.Сейсембекова: Қолданыстағы 6B021-Өнер бағыты бойынша, атап айтатын болсақ: 6B02122-Дәстүрлі музыка өнері (халық әні), 6B02123-Актерлік өнер, 6B02124-Хореография, 6B02126-Дизайн, 6B02165-Эстрада өнері, 6B02184-Сәндік-қолданбалы өнері, білім беру бағдарламалары МЖМБС талаптарына сай Жасанды интеллект негіздері пәні қосылды. Экология және өмір қауіпсіздігі, Икемді дағдылар пәндерінің сипаттамасы және ОН 1 оқыту нәтижесі жаңартылды. Академиялық жазбаға кіріспе пәнінің сипаттамасы және ОН 3 оқыту нәтижесі жаңартылды, яғни жасанды интеллект негіздерін қалыптастыратын құзыреттер ескерілді. ББ-ның Кәсіби стандарты және еңбек функциялары таңдалды, оқыту нәтижелерімен сәйкестендірілді. Жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұны қазіргі заманғы талаптарға сай және өзектілігін жоғалтпағанын және қолданыста қалатынын айтқым келеді.

АК мүшесі, академиялық персонал А. Сейтметова: 6B021-Өнер бағытындағы білім беру бағдарламаларын талдай отырып, қазіргі заманауи талаптарға толықтай сәйкес келетінін айтуға болады. ББ ішкі аудит нәтижесінде ББ-лардың мазмұны сараланып, МЖМБС талаптарына сәйкес өзгертілді. ББ-


ның мақсаты - заманауи талаптарға жауап беретін, бәсекеге қабілеттілікті кадр даярлау. Мамандық бойынша білімгерлердің қызығушылығын арттыру мақсатында да жүйелі жұмыстар жасалуы тиіс.

АК мүшесі, академиялық персонал, Т.Мустапаева: 2025 оқу жылындағы ББ жасалған толықтырулар мен өзгертулер оң нәтижесін береді. Ағымдағы жылы ұйымдастырылған ішкі аудит барысында бағдарламалардың мазмұны сараланып, өзгеріс қажет емес, - деген тұжырымға келдік. Пән атаулары мен сипаттамаларын, кредиттік сағаттары тиімді көрсетілген. Сонымен қатар ағымдағы жылдағы ББ бағдарламалары жұмыс берушілер мен АК мүшелері тарапынан жақсы бағаланды. Қолданыстағы ББ аудит арқылы олардың өнер саласындағы жаңа қадамдар мен технологияларға сәйкестігі анықталды. Аудит нәтижесі бойынша ББ қайта қаралып, ББ мазмұны әлі де болса толықтыруға болатынын айтқым келеді.

АК төрағасы С.Сопбеков: Қараша-желтоқсан айдарында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде екеніне тоқталды. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. АК мүшелері оң пікірлер айтып, жақсы көзқараста екенін айтты.


Шешім: "Өнер" даярлау бағыты бойынша барлық білім беру бағдарламаларына өзіндік бағалау жұмыстары жүргізілсін, қолданыстағы білім беру бағдарламалары ешқандай өзгерісіз сол күйінде қалатыны туралы шешім қабылдансын. Қараша-желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деп табылды.

АК төрағасы:



С.О.Сопбеков

Хатшы:



К.Ж.Каумбаев